



**QORDAI**

1932 жылдың қазан айынан бастап шығады

# ҚОРДАЙ

## КОРДАЙСКИЙ МАЯК

# ЩАМШЫРАҒЫ

АУДАНДЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

СЕНБІ 14 НАУРЫЗ 2026 ЖЫЛ №21 (3498)



### ПРЕЗИДЕНТ

Астанадағы Тәуелсіздік сарайында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының III республикалық форумы өтті.

## МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ III РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ФОРУМЫНА ҚАТЫСТЫ

Жиында Мәжіліс депутаты Үнзила Шапақ, Алматы облысындағы «Дәулет-Бекет» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жетекшісі Сыдық Дәулетов, Мәжіліс депутаты Константин Авершин, Алматы қалалық мәслихатының төрағасы Мейіржан Отыншиев, Петропавл қалалық мәслихатының депутаты Елена Семидоцких, Жетісу облыстық мәслихатының депутаты Гүлнәр Тойлыбаева, Павлодар облыстық мәслихатының төрағасы Илья Теренченко, Маңғыстау облысы Бейнеу аудандық мәслихатының төрағасы Ардақ Бораш, Ақтөбе облыстық мәслихатының депутаты Аслан Қайырғалиев сөз сөйледі.

Президент өз сөзінде жиындағы ұсыныстар Парламенттің, Үкіметтің алдағы жұмысында ескерілетінін атап өтті.

**«Шын мәнінде, бұл басқосудың еліміз үшін мән-маңызы айрықша. Бүгінгі форумға барлық аймақтан жергілікті билік өкілдері арнайы келді. Қазір осы залда миллиондаған отандасымыздың мүддесін қорғап**

**жүрген екі мыңға жуық депутат отыр. Сіздер халықпен тығыз жұмыс істеп жүрсіздер. Жұрттың мұң-мұқтажын, талап-тілегін жақсы білесіздер. Сондықтан мен Мемлекет басшысы ретінде Сіздер атқарып жатқан жұмысты ұдайы басты назарда ұстаймын»,** – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев мұндай жиындар өңірлік саясаттың тиімділігін бағалап, өзекті мәселелерді талқылауға мүмкіндік беретінін жеткізді.

**«Өздеріңізге мәлім, Қазақстанда кең ауқымды, тарихи өзгерістер жүзеге асырылып жатыр. Игі бастамалардың бәрі де халықтың әл-ауқатын арттыру үшін қолға алынды. Біз мемлекеттік басқару жүйесін, экономиканы және әлеуметтік саланы түбегейлі жаңғыртуға кірістік. Бұл орайда, мәслихаттардың алдында тұрған миссия – айрықша. Өкілді органдарды күшейту мемлекеттік саясаттың негізгі басымдығы болып қала береді.**

**Біз бұған дейін біраз шаруа атқардық. «Қуатты аймақтар – қуатты ел» қағидатына сәйкес мәслихаттардың беделін көтердік. Соның арқасында осы құрылымдар мемлекеттік басқару жүйесіндегі басты институттың біріне айналды. Дегенмен мәслихаттардың әлеуетін одан әрі күшейту үшін бірқатар міндетті орындауымыз керек»,** – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының III республикалық форумында аймақтар өз бюджетін мұқият жоспарлап, табысын арттыруға баса мән беруге тиіс екенін атап өтті.

**«Біз жергілікті биліктің әлеуетін және аймақтардың қаржылық дербестігін біртіндеп күшейтіп жатырмыз. Былтыр ауылдық округтердің бюджеті 442 миллиард теңгеден асты. Бұл қаражаттың үштен бірі – елді мекендердің өз табысы. Оның үстіне, еліміздегі ауылдық округтердің орташа бюджеті 190 миллион теңгеге жетті. Бұл**

**– едәуір жақсы көрсеткіш. Биылдан бастап ауылдық округтер қосымша табыс көзіне ие болмақ. Атап айтқанда, кең таралған пайдалы қазбалар өндірісіне, жерасты сулары мен емдік балшықтарды пайдалануға салынатын салықты өздері жинап, қажетіне жаратады»,** – деді Мемлекет басшысы.

Президент өз сөзінде қазір Үкімет заңды тұлғаларға және жеке кәсіпкерлерге салынатын мүлік салығының бір бөлігін төртінші деңгейдегі бюджеттерге беру мәселесін пысықтап жатқанын жеткізді.

**«Сондай-ақ аймақтарға жекелеген қызмет түрімен айналысуға арналған лицензиялық алымнан, экологиялық айыппұлдардан түсетін қаражат та берілуі мүмкін. Бұл – өте дұрыс ұстаным. Түскен табыс, ең алдымен, сол аймақты дамытуға жұмсалуы керек. Бір сөзбен айтқанда, жергілікті жерде қордаланған мәселелерді шешу үшін мүмкіндік те, ресурс та арта түспек»,** – деді Қасым-Жомарт Тоқаев. → 2

### АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

## ҚОРДАЙДАҒЫ КӨКТЕМГІ ДАЛА ЖҰМЫСТАРЫ

Жер қарайып, күн жылына бастаған сәттен бастап дала тіршілігі қайта жанданады. Қыстың қыспағынан босап, табиғат тынысы кеңейген шақта диқандар да көктемгі дала жұмыстарына қызу кіріседі. Бұл кезең – ауыл шаруашылығы үшін ең жауапты әрі қарбалас уақыттардың бірі. Егіс алқаптарына шығып, жер жырту, тырмалау, тыңайтқыш енгізу және тұқым себу жұмыстары басталатын осы мезгілдің маңызы ерекше. Өйткені көктемгі дала жұмыстарының сапалы әрі уақытында орындалуы – болашақ өнімнің мол әрі сапалы болуына тікелей әсер ететін басты фактор.



Биыл Қордай ауданында 2026 жылғы көктемгі егіс жұмыстарына дайындық жоспарлы түрде жүргізілуде. Аудан әкімдігінің жер қатынастары бөлімінің мәліметіне сәйкес, ауданның жалпы егістік жер көлемі 137679 гектарды құрайды. Оның ішінде тәлімі жерлер – 97192 гектар, ал суармалы жерлер – 40487 гектар.

Аудан әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімінің деректеріне сүйенсек, егіс алқаптарының құрылымын әртараптандыру мақсатында 2026 жылы жоспар бойынша 104972 гектар жерге ауыл шаруашылығы дақылдары егіледі. Сонымен қатар 27566 гектар жер парға қалдырылған. Жоспарланған егіс құрылымына сәйкес, дөңді және бұршақты

дақылдар 66222 гектар алқапты қамтиды. Оның ішінде бидай – 19676 гектар, арпа – 35646 гектар және жүгері – 10900 гектар жерге орналастырылады. Бұдан бөлек, қант қызылшасы – 80 гектар, картоп – 3000 гектар, мақсары – 200 гектар, кекеніс дақылдары – 3720 гектар, ал мал азығы дақылдары – 31400 гектар жерге егілмек. → 2

# МӘСЛИХАТ ПРЕЗИДЕНТ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ІІІ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ФОРУМЫНА ҚАТЫСТЫ

1

«Қазіргі тәртіпке сәйкес жергілікті бюджет бекітілетін кезде депутаттарға жалпы мәлімет қана ұсынылады, тиісті түсініктемелер берілмейді. Сондай-ақ бюджет жобасы мәслихаттың қарауына соңғы сәтте жолданады. Сол себепті оны депутаттар үстірт қарап, қысқа мерзім ішінде қабылдауына тура келеді. Соның салдарынан қаражат халықтың нақты қажеттілігін өтемейтін, тиімсіз жобаларға жұмсалып кететін жағдайлар пайда болады. Ешкімге нақты жауапкершілік жүктелмеген соң, мәселе сұраусыз қалады. Демек жергілікті деңгейде тиісті бақылау жүргізілмейді деген сөз. Соның бәрі жергілікті тұрғындардың наразылығын туғызады. Мұндай келеңсіздікке тосқауыл қою үшін өкілді орган бюджетті жоспарлау үдерісіне әуел бастан атсалысуы керек. Бірақ бюджет бойынша барлық талқылау тек мемлекет пен өңірлік мүдделерге негізделуге тиіс, лоббизмге немесе популизмге жол бермеу керек. Басты ұстаным – бәрі де халық үшін», — деді Мемлекет басшысы.

Сондай-ақ Мемлекет басшысы әкімдіктегі бюджеттік комиссияның құрамына білімді, беделді мәслихат депутаттарын қосқан дұрыс екенін атап өтті. Президент осылайша, жұмыстың сапасын, қаражаттың тиімді жұмсалуды қадағалауға болатынын жеткізді.

«Қыруар қаржыны оңды-солды шашып, пайдасы жоқ бастамаларға жұмсауды доғару қажет. Әкімдер республикалық бюджеттен берілетін түрлі дотацияға сеніп отыра бермеуі керек. Масылдық ұғымынан біржола арылу қажет. Жергілікті билік өкілдері табысты көбейту үшін белсене жұмыс істеуге тиіс. Бюджет қабылданатын кезде «қанша жұмыс орны ашылады, жеке инвестиция тартыла ма, бизнестің дамуына қандай жағдай жасалады, қанша салық төленеді?» деген сауалдарға нақты жауап берілуі керек. Күрішті күрмектен ажырата білу қажет. Бұл – барлық деңгейдегі әкімдер мен мәслихаттар депутаттары, ең алдымен, мемлекет мүддесіне қызмет ететін бір ұжым, бір команда деген сөз. Барлық аймақтың мәслихаттары мен әкімдіктері бірлесіп, бюджеттің әр теңесінің ел игілігіне жұмсалуды қамтамасыз етуге міндетті», — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

## БИЛІК ПЕН БҰҚАРА

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бекіткен «Еститін мемлекет» тұжырымдамасын іске асыру шеңберінде Қордай ауданы әкімдігінде азаматтарды қабылдау жиыны өтті.



# Әлеуметтік мәселелер — әкімдік назарында

Мұндай тәсіл қоғаммен жедел диалог орнатуға және қоянқолтық жұмыс істеуге зор үлес қосып келеді.

Осыған орай, Қордай ауданы әкімінің орынбасары Бақыт Сахатов жергілікті тұрғындармен кезекті жеке қабылдау шарасын өткізді. Бұл кездесуге 17 тұрғын қатысып, өздерінің өтініштері мен ұсыныстарын жеткізді. Аудан әкімінің орынбасары азаматтардың өзекті мәселелерін тыңдап, оларды шешуге бағытталған нақты шараларды ұсынды.

Кездесу барысындағы негізгі тақырыптардың бірі – тұрғын үйге қол жеткізу мәселесі болды. Өз сөзінде, Бақыт Оңласынұлы тұрғындарға елімізде тұрғын үйді бөлудің жаңа бірыңғай жүйесі іске қосылғанын хабарлады. Бұл жүйе енді тұрғын үй кезегін жергілікті әкімдіктер емес, «Отбасы банкі» АҚ арқылы жүргізуді жоспарлап отыр. Сонымен қатар, тұрғын үй алу кезегі толықтай онлайн бақылауға алынады.

Жаңа электрондық жүйе тұрғын үйге мұқтаж азаматтардың өтініштерін онлайн қабылдап, автоматты түрде өңдеуге мүмкіндік береді. Бұл жүйеге тек әлеуметтік осал топтардың ғана емес, сонымен қатар соңғы бес жылда өз атына тұрғын үй тіркелмеген барлық азаматтар да өтініш бере алады.

Кездесу барысында тағы да бірнеше маңызды мәселелер талқыланды. Тұрғындар тарапынан әлеуметтік қолдау шараларын алу, тұрақты жұмысқа орналасу, қаржылай көмек алу сияқты мәселелер де көтерілді. Әкімнің орынбасары, азаматтарға өз құқықтары мен мүмкіндіктері туралы ақпарат беріп, оларға қажетті кеңестерді ұсынды.

«Қабылдауға келіп ұсыныс-пікірін, өтінішін жеткізушілердің сауалдары назардан тыс қалмайды. Көтерілген мәселелерге қатысты жауапты сала мамандары әрбірінің себеп-салдарын жіті зерттеп, шешімін заң талаптарын негізге алып қарастырады», — деді аудан әкімінің орынбасары.

Сондай-ақ, Бақыт Оңласынұлы азаматтардың пікірлері мен ұсыныстарын назарға алып, оларды Заңнамалық деңгейде шешуге күш салатындығын айтты. Ол тұрғындарға мәселелердің шешілу жолында әкімдік әрдайым қолдау көрсетуге дайын екенін атап өтті.

Мұндай шаралар – тұрғындар мен жергілікті билік арасындағы байланыс пен сенімді нығайтуға, сондай-ақ жергілікті биліктің азаматтардың қоғамдық-саяси өміріне қатысуын одан әрі арттыруға бағытталған.

Әділет САТЫШЕВ

## АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

# ҚОРДАЙДАҒЫ КӨКТЕМГІ ДАЛА ЖҰМЫСТАРЫ

1

Өткен жылдың соңында, нақтырақ айтқанда 2025 жылдың 4–5 желтоқсан күндері Жамбыл облысына жұмыс сапарымен келген Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары Қанат Бозымбаев алдағы вегетациялық кезеңде су тапшылығы қаупі бар екенін атап өткен болатын. Алдын ала болжам бойынша Георгиевский магистралды каналы арқылы вегетация кезеңінің ең қызған уақытында келетін су көлемі 10 м³/секундтан аспайды. Бұл өз кезегінде алдағы маусымда су ресурстарының шектеулі болатынын аңғартады.

Осыған байланысты қыс айларында аудан басшылығы, ауыл шаруашылығы бөлімі және су шаруашылығы саласының мамандары шаруалармен бірнеше рет кездесу өткізді. Кездесулер барысында биылғы жылға болжанып отырған су тапшылығын ескере отырып, ылғалды аз қажет ететін дақылдарға басымдық беру, сондай-ақ су үнемдеу технологияларын кеңінен қолдану мәселелері жан-жақты түсіндірілді.

Жиындарда көршілес Қырғызстан Республикасынан келетін су көлемі де өткен жылмен салыстырғанда аз болуы мүмкін екені айтылды. Сонымен қатар жауын-шашын мөлшерінің төмен болуы топырақтағы ылғал қорының жеткіліксіздігіне әкелуі ықтимал екені ескертілді. Осыған байланысты шаруаларға егіс жоспарларын қайта қарастырып, суды көп қажет ететін дақылдардың орнына құрғақшылыққа

төзімді баламалы дақылдарды таңдаудың маңыздылығы түсіндірілді. Себебі табиғи қолайсыздықтар салдарынан атқарылған еңбек пен жұмсалған қаржының нәтижесіз қалу қаупі бар.

Аталған жағдайларды ескере отырып, «Қазсушар» РМК-ның «Қордай» өндірістік суармалы 2026 жылға дақылдарды болжамды орналастыруды 14150 гектарға жоспарлаған. Ал, «Қазсушар» облыстық филиалы ұсынған суармалы су жетпейтін каналдардың тәуекел картасына сәйкес, 13400 гектар жерге ғана су жеткізу мүмкіндігі қарастырылған. Бұл ауданның суармалы жерінің шамамен 35 пайызын құрайды.

Сонымен бірге ауылдық округтерден жинақталған нақты мәліметтер бойынша биыл барлық себілетін жер көлемі 93273 гектарды, оның ішінде суармалы алқап көлемі 11450 гектарды құрап отыр. Жетіспейтін су көлемін жерасты су көздері арқылы толықтыру көзделген. Сол үшін қажет болған жағдайда аудан бойынша бұрын іске қосылған 25 ұңғыма пайдаланылатын болады.

Бұдан бөлек, ағымдағы жылғы вегетациялық кезеңді тиімді өткізу және ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді сумен қамтамасыз ету мақсатында аудан әкімінің орынбасарының жетекшілігімен арнайы жұмысшы топ құрылған. Жұмысшы топ мүшелері ауылдық округтерде суды тиімді пайдалану, егіс құрылымын қайта қарау және каналдардың су

өткізу қабілетін арттыру бағытында түсіндіру жұмыстарын жүргізіп келеді.

2026 жылдың өніміне қажетті тұқым қоры да толықтай дайындалған. Биыл 35700 гектар алқапқа себілетін арпа үшін 6069 тонна тұқым дайындалды. Бұл тұқымдар аудандық «Агро-эксперт А.С» ЖШС тұқым зертханасында тексеріліп, оның 2440 тоннасы I класс, ал 3629 тоннасы II класс екені анықталған.

Сонымен қатар басқа дақылдар бойынша қажетті тұқым көлемі де нақтыланған. Мәселен, мақсары – 200 гектар, қажетті тұқым 4 тонна, картоп – 3000 гектар, қажетті тұқым 7500 тонна, бір жылдық шөптер – 4200 гектар, қажетті тұқым 88 тонна, көп жылдық шөп – 3500 гектар, қажетті тұқым 70 тонна, көкөніс – 3720 гектар, қажетті тұқым 37 тонна, дөңдік жүгері – 10900 гектар, қажетті тұқым 218 тонна, ал сүрлемдік жүгері – 425 гектар, қажетті тұқым 10,6 тонна.

Көктемгі дала жұмыстарына аудан бойынша 1122 бірлік ауыл шаруашылығы техникасы қатысады. Оның ішінде тракторлар саны – 641 бірлік, соқалар – 154, қопсытқыштар – 150, дән сепкіштер – 154 және дән улағыштар – 23 бірлік. Қазіргі уақытта барлық техника толықтай дайындық сапына қойылған.

Көктемгі дала жұмыстарын жүргізу үшін шаруашылықтар мемлекет тарапынан берілетін арзандатылған дизель отынына 1506,5 тонна көлемінде өтінім берген. Оның ішінде бүгінгі таңда 1300

тонна дизель отыны бөлінген.

2026 жылға егіс алқаптарына қолданылатын минералды тыңайтқыштардың жоспарланған көлемі 18473,3 тоннаны құрайды. Оның ішінде аммиак селитрасы – 7310,4 тонна, аммофос – 4479,3 тонна және басқа тыңайтқыштар – 6683,6 тонна.

Су тапшылығын азайту мақсатында аудан бойынша су үнемдеу технологияларын енгізу жұмыстары да қарқын алуда. 2026 жылға бұл технологияларды 18800 гектар жерге орнату жоспарланған. Оның ішінде тамшылатып суару әдісімен 11917 гектар, ал жаңбырлатып суару әдісімен 4767 гектар жер суғарылады.

Көктемгі дала жұмыстарын қаржыландыру мақсатында Аграрлық несие корпорациясы арқылы «Кең дала» және «Кең дала – 2» бағдарламалары бойынша 5 шаруа қожалығы 294 миллион теңге көлемінде несие алуға өтінім берген.

Жалпы алғанда, егіс құрылымын тиімді жоспарлау, су үнемдеу технологияларын енгізу, техникалардың толық дайын болуы және тұқым қорының жеткілікті болуы алдағы ауыл шаруашылығы наққанының табысты өтуіне негіз болмақ. Сонымен қатар су тапшылығы қаупін ескере отырып, ауыл шаруашылығы өндірушілері суды үнемді пайдалану және егіс алқаптарын тиімді орналастыру бағытында нақты шаралар қабылдап отыр.

Дайындаған Жандос ОМАРОВ

**БӘРЕКЕЛДІ**

**ЖЕРЛЕСІМІЗ «ШАПАҒАТ»  
МЕДАЛІНЕ ИЕ БОЛДЫ**



Көктемнің шуақты мерекесі қарсаңында елордамыз Астана қаласынан қуанышты хабар келіп жетті. Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев 8 наурыз Халықаралық әйелдер күні қарсаңында әртүрлі салаларда қызмет атқарып жүрген бірқатар қыз-келіншектерді мемлекеттік наградалармен марапаттады. Олардың ішінде мемлекеттік тілдің дамуына үлесін қосып жүрген жас педагог, жерлесіміз қордайлық Сурина Мария Алексеевна да бар. М.Сурина Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаевтың қолынан «Шапағат» медаліне ие болды.

Мария Алексеевна - №4 Б.Бөлтірікова атындағы мектеп-лицейінің түлегі. Мемлекеттік тілді еркін меңгерген Мария оқушы кезінен-ақ дарындылығын танытып, әртүрлі байқауларға белсене қатысты. 2021 жылы жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиадада орыс сыныптарындағы қазақ тілі пәні бойынша II орын иегері болды. Мария бұдан өзге де қазақ тілі мен әдебиеті пәніне қатысты әртүрлі сайыстарда жоғары нәтиже көрсетіп, ірі жетістіктерге жеткен. Оның қабілетін шыңдап, білім додаларында жетістікке жетуіне ұстаздарының қосқан үлесі өте зор. Осы орайда №4 Б.Бөлтірікова атындағы мектеп-лицейінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері С.Бахрамованың,

Ә.Болатованың толымды еңбектерін атап өткен жөн.

Мария мектепті тәмамдаған сәтте оның алдында мамандыққа байланысты әртүрлі таңдау тұрды. Сонымен ол ұстаздарының кеңесімен Абай атындағы Қазақ мемлекеттік педагогикалық университетіне оқуға түсіп, 2021-2025 жылдар аралығында аталған университетте қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті мамандығында жоғары білім алды. Бүгінгі таңда ол Алматы қаласындағы О.Жандосов атындағы №105 гимназиясында орыс сыныптарындағы қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып қызмет атқаруда. М.Сурина осылай өзге ұлт өкілдерінің қазақ тілін меңгеруі жолында үздіксіз ізденіп, талмай еңбек етуде.

Сөзіміздің соңын Марияның мектептегі ұстазы С.Бахрамованың сөздерімен қорытындылағымыз келеді: **«Мектеп қабырғасынан бастап ұстаздары Мариямен тынымсыз жұмыс жасады. Мемлекеттік тілмен байланысты барлық іс-шараларға қатысты, қазақша ән де айтты, ұлттық биімізді де биледі. Марияның бұл еңбегінің артында қаншама ұйқысыз түндер, мазасыз күндер тұрды. Сабақ сайын оның санасына Мая Веронская, Игорь Сахар т.б. қазақ тілінің арқасында барша елге танымал болып жүрген азаматтарды насихаттаумен болды. Ондағы ойымыз мемлекеттік тіліміздің мерейін үстем ету, аудиториясын кеңейту, өзі сияқты өзге ұлт өкілдерінің арасында насихаттау болатын».** Мария алдағы уақытта да өзі секілді талай жастарға үлгі болып, қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейте беретініне біз кәміл сенеміз.

Елнұр ӘСКЕНҰЛЫ,  
Қордай ауданының білім бөлімінің әдіскері

**ЖАС ҚАЛАМ**



**Абай еліне барғанда...**

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың Қызылорда қаласында өткен бесінші отырысында үлкен саясатпен қатар, ұрпақ тәрбиесі, рухани байлық туралы да ойын ортаға салып, үкіметке біраз тапсырма берді. Әсіресе Абай ілімі жайында жақсы сөздер айтты.

Осы ретте біздің ауылдың оқушылары тұтас Абайдың қара сөздерін жаттап өсіп келе жатқаны қуантты. Құрылтайда Абай туралы сөз болғанда хәкім жатқан киелі топыраққа осыдан екі жыл бұрын сапар шегіп, табан тірегеніміз ойға оралды.

2024 жылдың 13-15 мамыр күндері Жамбыл облысы, Қордай ауданы, Қаракемер ауылындағы №14 Ә.Нүсіпбаев атындағы орта мектеп үшін тарихи әрі тағылымы мол күндер болды. «Абайды оқы, таңырқа» атты қара сөздерді жатқа айту байқауына белсенді қатысқан 23 оқушы, ата-аналар мен мұғалімдер болып ұлы ойшыл Абай Құнанбайұлының еліне – Семей қаласы мен Жидебайға танымдық экспедицияға аттандық. Үш күнге созылған бұл сапар «Киелі Қордай жерінен ұлы Абай еліне» деген атаумен рухани саяхатқа айналды.

13 мамыр күні таңғысын мектеп ауласында салтанатты лездеме өтіп, саяхатшыларға ақ жол тілеп, ыстық ықылас білдірілді.

Сапардың маңызды нүктелерінің бірі – Алматы қаласындағы Республика алаңында орналасқан Абай ескерткіші болды. Мұнда оқушыларды Алматыда еңбек етіп жүрген жерлес аға, әпкелеріміз – мектеп түлектері қарсы алып, ерекше құрмет

көрсетті. Оқушылар Абай ескерткішіне гүл шоқтарын қойып, ұлы ақынның өлеңдері мен қара сөздерін мәнгерлеп оқыды. Бұл сәт әрбір қатысушының жүрегіне ерекше әсер қалдырды.

14 мамыр күні экспедиция мүшелері Абайдың туған жері Жидебай мен Семей қаласындағы тарихи-мәдени нысандарды аралады. «Абай-Шөкәрім» мемориалдық кешені, Абай қорық-музейі, Алаш арыстары мен Мұхтар Әуезовке арналған музейлер таныстырылып, оқушыларға қазақ руханиятының терең тамыры жайлы мағыналы мәлімет берілді. Сонымен қатар жолы Еңлік-Кебек ескерткіші мен Бөрілідегі Мұхтар Әуезов мұражайына соғу арқылы экспедиция мазмұны кеңейе түсті.

Бұл танымдық сапар оқушыларға ерекше әсер қалдырып, рухани тұрғыдан мол азық берді деуге болады. Ұлы Абайдың өмірі мен мұрасын көзбен көріп, тарихи мекендермен танысу жас ұрпақтың ұлттық сана-сезімін арттырып, туған ел тарихына деген құрметін күшейтеді.

Қорытындылай келе, «Киелі Қордай жерінен ұлы Абай еліне» атты танымдық экспедиция өз мақсатына толық жеткен, тәрбиелік мәні зор, өскелең ұрпақтың рухани дамуына үлкен үлес қосқан маңызды іс-шара болды деп нық сеніммен айта аламыз.

Жансая ИССА,  
Қаракемер ауылындағы  
№14 Ә.Нүсіпбаев атындағы орта  
мектептің 11-сынып оқушысы

**РАМАЗАН**

**Қадір түнінің  
қасиеті жақында**



**Аса қамқор ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын. Құрметті де қадірлі ағайын. Қадір түні – берекелі Рамазан айында келетін қасиетті түн. Рамазан айының соңғы он түні мұсылман үшін өте маңызды. Себебі Қадір түнінде қасиетті Құран Кәрім түсе бастады. Сондықтан Ислам дінінде бұл түн ерекше бағаланады. Құран Кәрімде «Қадір» сүресі бар. Осының өзі-ақ бұл түннің аса ардақты екенінен хабар береді.**

Алла Тағала «Қадір» сүресінде: «Біз оны (Құранды) Қадір түнінде түсірдік. Қадір түнінің не екенін қайдан білесің? Қадір түні мың айдан қайырлы. Ол түні әрбір іс үшін Раббыңның рұқсатымен періштелер және рух (Жәбірейіл періште) түседі. Таң атқанша тыныштық жалғасады» деп бұрын-соңды адам баласы білмеген хабарды жеткізген. Сол себепті Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) сүннеті арқылы мұсылмандарды Рамазан айының соңғы он түнінде Қадір түнін күтуге, оның сауабын іздеп, осы түні (әсіресе таң түндерде) құлшылықпен айналысуға талпындырған.

«Қадір» – араб сөзі. Тілдік мағынасы қадірлі, қасиетті, өлшеммен бекітілген, артық-кемі жоқ, дұрыс деген мағыналарға саяды. Ал шариғи терминдік мағынасына «бір жылда болатын істерді белгілеп, соның жазылуына Алла Тағаланың үкімі беретін түні» деп анықтама берілген.

Ғалымдар бұл түннің атауына байланысты бірнеше себеп келтірген:

1) Қадір түні – шөраф, яғни қадірлі, шарапатты, абыройлы түн.

2) Қадір тағдыр мағынасында келеді, яғни осы түні бір жылда болатын оқиғалар мен болмыстың тағдыры, ризық-несібесі мен ажалы жазылады.

3) Қадір сөзі құрметті, қасиетті деген мағынаға саяды. Қадір түнін ұйықтамай, құлшылықпен өткізген кісі Алла Тағаланың құзырында құрметке бөленеді.

Құран мен хадисте Қадір түні былайша баяндалады.

1) Құранда «Қадір» сүресі бар.  
2) Айша (Алла оған разы болсын) анамыздан жеткен хадисте: «Қадір түнін Рамазан айының соңғы он түнінен іздеңдер», – делінген (Бұхари, Сахих, 2020.)

3) Әбу һурайрадан (Алла оған разы болсын) жеткен тағы бір хадисте: «Кімде-кім Қадір түнінің қасиетіне сене отырып, сауабын үміт етіп құлшылықпен өткізсе, оның өткен күнелары кешіріледі», – делінген (Бұхари, Мұслим).

4) Айша (Алла оған разы болсын) анамыздан жеткен тағы бір хадисте: «Уа, Алланың елшісі! Егер Қадір түні екенін білсем Аллаға не айтқаным дұрыс?» – деп сұрап едім, сонда Пайғамбарымыз: «Уа, Алла! Сен кешірімдісің, кешіргенді жақсы көресің, мені кешір деп айт», – деді (Термизи, Сунен, 3513).

Иә, Алла Тағала Қадір түнін өзге түндерден елдеқайда қадірлі, қасиетті еткен. Қадір түнінің қадір-қасиетін әрі сауабының қаншалықты екенін Алла Тағала Құран арқылы баяндаған. Ибн Аббас (Алла оған разы болсын): «Оны құт-берекеге толы қасиетті түнде түсірдік, біз ескертудеміз. Сол түні әрбір хикметті іс нақтыланады», – деп («Духан» сүресі, 3-4 аяттар) келетін аяттың осы Қадір түні жайлы айтылғанын алға тартқан.

Қадір түнінде құлшылықтарды көбейтуге мән беру қажет. Біріншіден, тарауық намазын оқу керек. Себебі бұл түнді барынша құлшылықпен өткізудің сауабы мол. Екіншіден, Құранды көбірек оқу қажет. Өйткені бұл түні Құран түсіріле бастаған. Үшіншіден, дұға жасап, тілек тілеп, Алладан жарылқау сұрау керек. Себебі Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) Айша анамызға (Алла оған разы болсын) кешірім сұрау дұғасын үйретіп, соны жасауды бұйырған.

«Раббәнә өтинә» дұғасын мүмкіндігінше көп айту қажет. Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) Рамазан айында да, басқа уақыттарда да ең көп айтатын дұғасы осы еді.

**Қадір түні қай түнге сәйкес келеді?**

Ханафи мәзһабының ғалымдары нақты бір ғана түнге бекімей, кез-келген түн Қадір түні болуы мүмкін екенін алға тартқан. Әйтсе де Рамазан айының 26-нан 27-не қараған түнін қуатты деп бекіткен. Ол дегеніміз 2026 жылдың Наурыздың 16-17-не қараған түн. Бабаларымыздың «Әр көргенді Қыдыр біл, Әр түнін Қадір біл!» деген өсиеті осы болса керек.

Азамат БЕРІКҰЛЫ,  
Қордай ауданының бас имамы

## ХАБАР

### ДҮЙСЕНБІ 16 НАУРЫЗ

05.00, 01.00 «ҚР ӘНҰРАНЫ»  
05.00, 23.00 Т/Х «ФАТМАГҰЛ»  
07.00 «ОЯН!»  
09.00 «ДӘСТҮР»  
09.30, 19.30 Т/Х «ШЫРМАЛҒАН ТАҒДЫР»  
11.30 «ҚОҒАМ ПІКІРІ»  
12.30 «ОЙНАҚ»  
13.30 «КӨЗҚАРАС»  
14.30 МУЛЬТСЕРИАЛ  
15.00 СЕРИАЛ «КАК ВЫЙТИ ЗАМУЖ ЗА МИЛЛИОНЕРА»  
19.00 «НОВОСТИ»  
21.30 «ЖАҒАЛЫҚТАР»  
22.00 Т/Х «ДОСТЫҚ 13»

### СЕЙСЕНБІ 17 НАУРЫЗ

05.00, 01.00 «ҚР ӘНҰРАНЫ»  
05.00, 23.00 Т/Х «ФАТМАГҰЛ»  
07.00 «ОЯН!»  
09.00 «ЖЕР-ЖАҒАН»  
09.10 «ХАҚЫҢ БАР»  
09.30, 19.30 Т/Х «ШЫРМАЛҒАН ТАҒДЫР»  
11.30, 22.00 Т/Х «ДОСТЫҚ 13»  
12.30 «ОЙНАҚ»  
13.30 «ӨЗЕКТІ»  
14.00 «ӘЛЕУМЕТ»  
14.20 «ПУЛЬС ПЛАНЕТЫ»  
14.30 МУЛЬТСЕРИАЛ  
15.00 СЕРИАЛ «КАК ВЫЙТИ ЗАМУЖ ЗА МИЛЛИОНЕРА»  
19.00 «НОВОСТИ»  
20.30 КОНЦЕРТ  
21.30 «ЖАҒАЛЫҚТАР»

### СӘРСЕНБІ 18 НАУРЫЗ

05.00, 01.00 «ҚР ӘНҰРАНЫ»  
05.00, 23.00 Т/Х «ФАТМАГҰЛ»  
07.00 «ОЯН!»  
09.00 «ЖЕР-ЖАҒАН»  
09.10 «НЕОСАНА»  
09.30 Т/Х «ШЫРМАЛҒАН ТАҒДЫР»  
10.30 КИНО «МИЛЛИОНҒА КЕЛІСТІК»  
12.00, 22.00 Т/Х «ДОСТЫҚ 13»  
13.00 «ӘСЕМ ӘНДЕР»  
13.30 «ӨЗЕКТІ»  
14.00 «НЕОСЕТЬ»  
14.20 «ПУЛЬС ПЛАНЕТЫ»  
14.30 МУЛЬТСЕРИАЛ  
15.00 СЕРИАЛ «КАК ВЫЙТИ ЗАМУЖ ЗА МИЛЛИОНЕРА»  
19.00 «НОВОСТИ»  
19.30 «АУЫЛБАЙСКИЙ УЧАСТКОВЫЙ»  
21.30 «ЖАҒАЛЫҚТАР»

### БЕЙСЕНБІ 19 НАУРЫЗ

05.00, 01.00 «ҚР ӘНҰРАНЫ»  
05.00, 23.00 Т/Х «ФАТМАГҰЛ»  
07.00 «ОЯН!»  
09.00 «ЖЕР-ЖАҒАН»  
09.10 «БІЗДІҢ НАЗАРДА»  
09.30 «АУЫЛБАЙСКИЙ УЧАСТКОВЫЙ»  
11.30, 22.00 Т/Х «ДОСТЫҚ 13»  
12.30 «ОЙНАҚ»  
13.30 «ӨЗЕКТІ»  
14.00 «КУЛЬТУРНЫЙ КОНТЕКСТ»  
14.20 «ПУЛЬС ПЛАНЕТЫ»  
14.30 МУЛЬТСЕРИАЛ «БАРБОСКИНЫ»  
15.00 СЕРИАЛ «КАК ВЫЙТИ ЗАМУЖ ЗА МИЛЛИОНЕРА»  
19.00 «НОВОСТИ»  
19.30 КИНО «БАТЫР ИЗ ПРОШЛОГО»  
21.30 «ЖАҒАЛЫҚТАР»

### ЖҰМА 20 НАУРЫЗ

05.00, 01.00 «ҚР ӘНҰРАНЫ»  
05.00, 23.00 Т/Х «ФАТМАГҰЛ»  
07.00 «ОЯН!»  
09.00 «ЖЕР-ЖАҒАН»  
09.10 «АРНАЙЫ РЕПОРТАЖ»  
09.30 КИНО «БАТЫР ИЗ ПРОШЛОГО»  
11.30 Т/Х «ДОСТЫҚ 13»  
12.30 «ОЙНАҚ»  
13.30 «ӨЗЕКТІ»  
14.00 «НАРОДНЫЙ КОНТРОЛЬ»  
14.20 «ПУЛЬС ПЛАНЕТЫ»  
14.30 МУЛЬТСЕРИАЛ «БАРБОСКИНЫ»  
15.00 СЕРИАЛ «ПАРФЮМЕРША»  
19.00 «НОВОСТИ»  
19.30 КОМЕДИЯ «АНАШЫМ»  
21.00 «ӘСЕМ ӘНДЕР»  
21.30 «ЖАҒАЛЫҚТАР»  
22.00 «ҚОҒАМ ПІКІРІ»

### СЕНБІ 21 НАУРЫЗ

05.00, 03.35 «ҚР ӘНҰРАНЫ»  
05.00, 01.35 Т/Х «ФАТМАГҰЛ»  
07.00 «АЛҒАШҚЫ»  
08.00 КОНЦЕРТ  
10.00 МУЛЬТФИЛЬМ «РОГА И КОПЫТА»  
11.30 МУЛЬТСЕРИАЛ «ТУРБОЗАВРЫ»  
12.00 ТЕЛЕМАРАФОН «НАУРЫЗ - 2026»  
14.00 «ЖЕКПЕ-ЖЕК АЙТЫС»  
15.30 «ҚЫЗЫҚ TIMES»  
16.45 Т/Х «КЕЛІНЖАН-6»  
17.45 Т/Х «ДОСТЫҚ 13»  
19.00 «7 КҮН»  
19.40 ЖҰМЫР ЖЕР  
20.00 КОМЕДИЯ «КЕЛІНЖАН»  
21.35 «НАУРЫЗ ҰЛТТЫҚ СЫЙЛЫҒЫ - 2026»

### ЖЕКСЕНБІ 22 НАУРЫЗ

05.00, 03.00 «ҚР ӘНҰРАНЫ»  
05.00, 01.00 Т/Х «ФАТМАГҰЛ»  
07.00 «АЛҒАШҚЫ»  
08.00 КОНЦЕРТ  
10.00 МУЛЬТФИЛЬМ  
11.15 МУЛЬТСЕРИАЛ «ТУРБОЗАВРЫ»  
12.00 КОМЕДИЯ «ДОБРОЕ УТРО»  
14.00 «ӨМІР ӨРНЕГІ»  
15.15 Т/Х «КЕЛІНЖАН 6»  
17.45 Т/Х «ДОСТЫҚ 13»  
19.00 «7 КҮН»  
19.40 «ГЛОБАЛЬНЫЕ СОБЫТИЯ»  
20.00 КОМЕДИЯ «КЕЛІНЖАН-2»  
21.35 МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ

## ЕВРАЗИЯ

### ДҮЙСЕНБІ 16 НАУРЫЗ

06.00, 03.45 «П@УТИНА»  
07.00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»  
08.30 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»  
10.00 «ЖИТЬ ЗДОРОВО!»  
10.50 «АНАЛИТИКА»  
11.45 «АНЫҚТАЙМЫЗ»  
14.10 «ЖАҒАЛЫҚТАР»  
14.20 «НОВОСТИ»  
14.30 «QOSLIKE»  
18.30, 02.30 «БАСТЫ ЖАҒАЛЫҚТАР»  
19.00, 03.00 «KOREMIZ»  
20.00, 01.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»  
20.30 Т/Х «НЕВСКИЙ. БЕЙТАНЫС АДАМДАР АРАСЫНДА БЕЙТАНЫС»  
01.30 «СЕРАФИМА ПРЕКРАСНАЯ»

### СЕЙСЕНБІ 17 НАУРЫЗ

06.00, 03.45 «П@УТИНА»  
07.00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»  
08.30 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»  
10.00 «ЖИТЬ ЗДОРОВО!»  
10.50 «МОДНЫЙ ПРИГОВОР»  
11.50 «ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ!»  
12.45 Т/С «СЧАСТЛИВЧИК ПАШКА»  
14.00 «ЖАҒАЛЫҚТАР»  
14.15 «НОВОСТИ»  
14.30 «QOSLIKE»  
18.30, 02.30 «БАСТЫ ЖАҒАЛЫҚТАР»  
19.00, 03.00 «KOREMIZ»  
20.00, 01.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»

### СӘРСЕНБІ 18 НАУРЫЗ

06.00, 03.45 «П@УТИНА»  
07.00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»  
08.30 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»  
10.00 «ЖИТЬ ЗДОРОВО!»  
10.50 «МОДНЫЙ ПРИГОВОР»  
11.50 «ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ!»  
12.45 Т/С «СЧАСТЛИВЧИК ПАШКА»  
14.00 «ЖАҒАЛЫҚТАР»  
14.15 «НОВОСТИ»  
14.30 «QOSLIKE»  
18.30, 02.30 «БАСТЫ ЖАҒАЛЫҚТАР»  
19.00, 03.00 «KOREMIZ»  
20.00, 01.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»

### БЕЙСЕНБІ 19 НАУРЫЗ

06.00, 03.45 «П@УТИНА»  
07.00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»  
08.30 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»  
10.00 «ЖИТЬ ЗДОРОВО!»  
10.50 «МОДНЫЙ ПРИГОВОР»  
11.50 «ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ!»  
12.45 Т/С «СЧАСТЛИВЧИК ПАШКА»  
14.00 «ЖАҒАЛЫҚТАР»  
14.15 «НОВОСТИ»  
14.30 «QOSLIKE»  
18.30, 02.30 «БАСТЫ ЖАҒАЛЫҚТАР»  
19.00, 03.00 «KOREMIZ»  
20.00, 01.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»

### ЖҰМА 20 НАУРЫЗ

06.00 «П@УТИНА»  
07.00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»  
08.30 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»  
10.00 «ЖИТЬ ЗДОРОВО!»  
10.50 «МОДНЫЙ ПРИГОВОР»  
11.50 «ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ!»  
12.45 Т/С «СЧАСТЛИВЧИК ПАШКА»  
14.00 «ЖАҒАЛЫҚТАР»  
14.15 «НОВОСТИ»  
14.30 «QOSLIKE»  
18.30, 03.25 «БАСТЫ ЖАҒАЛЫҚТАР»  
19.00, 03.50 «KOREMIZ»  
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»  
20.30 «ПАРЛАМЕНТ ONLINE»  
20.55 «ПОЛЕ ЧУДЕС»  
22.10 Т/Х «НЕВСКИЙ. БЕЙТАНЫС АДАМДАР АРАСЫНДА БЕЙТАНЫС»  
02.30 Т/С «ПАДЕНИЕ ОРДЕНА»

### СЕНБІ 21 НАУРЫЗ

06.00, 03.00 «П@УТИНА»  
07.00 Т/С «ИГРА СУДЬБЫ»  
08.50 «БАСТЫ ЖАҒАЛЫҚТАР»  
09.25 «ПАРЛАМЕНТ ONLINE»  
09.50 «ПОЕХАЛИ!»  
